

ДББҰ Басқармасының 2018 жылғы 12 шілдесіндегі
шешімімен бекітілген (№41 хаттама),
ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген
2019 жылғы 22 мамырында (№18 хаттама)
енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

**Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде
педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының
пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау»
білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын
жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу
Ережелері**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 28 қаңтардағы №95 бұйрығымен бекітілген педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу Ережелеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 15 қаңтардағы №32 «Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жасалған.

2. Осы Ережелер орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде біліктілікті арттыру курстарының «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика», «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі» мен «Орыс әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Ағылшын тілі», «География», «Қазақстан тарихы» мен «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Курстар) тыңдаушыларының портфолиоларын жиынтық бағалау рәсімдерінің ұйымдастырылуын және өткізілуін реттейді.

3. Портфолионы жиынтық бағалау (бұдан әрі – Бағалау) Курс тыңдаушыларының пәндер бойынша білім беру бағдарламалары мазмұнын игеруін анықтау мақсатында және тыңдаушылар портфолиосын жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша сертификаттауға ұсыныстар беру үшін жүргізіледі.

4. Осы Ережелерде төмендегідей негізгі түсініктемелер қолданылады:

1) **ПӨО** – тиісті тренингтерден өткен оқытушылар құрамын сертификаттау процесіне қатысатын дербес білім беру ұйымының «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы;

2) **Оқыту орталығы** – Курстарда педагог қызметкерлерді оқытуды жүзеге асыратын «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесі және оның филиалдары;

3) **тыңдаушы** – Курстарда оқитын орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкері;

4) **тренер** – Курстарда тыңдаушыларды оқытуды жүзеге асыратын тиісті бағдарлама бойынша сертификатталған Оқыту орталығының қызметкері;

5) **лек** – Қазақстан Республикасының әр аймағында Курстардың бір мезгілінде оқитын тыңдаушылар тобы;

6) **эксперт** – бағалау рәсімін ұйымдастыратын, тыңдаушылар портфолиосының жиынтық бағалауын жүзеге асыратын және модерацияны жүргізетін, тыңдаушылар портфолиоларының жиынтық бағалауы мен модерация бойынша шешім шығаратын, және уәкілетті тұлғаның бұйрығымен тағайындалатын ПӨО-ң қызметкері;

7) **жауапты менеджер** – портфолионы жиынтық бағалау рәсімін ұйымдастыру, құжаттау мен басқаруға және тыңдаушылар портфолиоларының жиынтық бағалау нәтижесі бойынша модерациясына жауапты және уәкілетті тұлғаның бұйрығымен тағайындалатын ПӨО қызметкері;

8) **жиынтық бағалау** – Курстарда оқыту аяқталған соң, тыңдаушылардың бағдарламаны меңгеруін анықтайтын бағалау түрі;

9) **тыңдаушы портфолиосы** – Курстарда тыңдаушылардың бағалауға ұсынатын оқушылардың оқудағы жетістіктерін критериалды бағалау құралдары бар материалдары (бөлім/аралық тақырып бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары және тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары);

10) **критерийлер** – Курстар тыңдаушыларының бағалауға ұсынған портфолиосының бағасы негізделетін белгілер;

11) **бағалау компоненттері** – Курстар тыңдаушыларының бағалауға ұсынған портфолиосын бағалау бойынша сол немесе басқа критерийлерге жетуінің дәрежесі;

12) **бағалау шәкілі** – тыңдаушылардың портфолиосын бағалау үшін қолданылатын баллдар жүйесі;

13) **портфолионы бағалау проформасы** – бағалау критерийлері, компоненттері және шәкілдеріне сәйкес экспертпен толтырылатын әр тыңдаушының портфолиосын жиынтық бағалау бойынша құжат;

14) **портфолионы бағалау парағы** – эксперттің бекітілген топ тыңдаушылары портфолиосының жиынтық бағалау нәтижелерін тіркейтін қорытынды құжаты;

15) **бағалау тізімдемесі** – Курстардың әр легінде Бағалау аяқталғаннан кейін нәтижелері тіркелетін құжат;

16) **бағалау материалдары** – ПӨО порталына жүктелген Курстар тыңдаушыларының портфолиосы, тыңдаушылар портфолиосының бағалау

проформасы, электронды және қағаз нұсқасындағы тыңдаушылар портфолиосын бағалау парағы;

17) **модерация** – бағалау сапасын және объективтілігін қамтамасыз ету үшін тыңдаушылар портфолиосын бағалау нәтижелерінің іріктемелі тексерілуі;

18) **плагиат** – кез-келген автордың толық және/немесе жартылай жұмысын (портфолиосын) қолдану мақсатына және қолданылған көлеміне қарамастан өзінің жеке жұмысы ретінде көрсету;

19) **ПӨО порталы** – тыңдаушылардың жүктеген портфолиолары сақталатын, бағалау бойынша құқықтық актілер және сертификаттауға ұсынылған тыңдаушылар тізімі шығатын интернет-ресурс;

20) **оқу-әдістемелік кешен** – Курстар бағдарламасы бойынша тыңдаушылардың оқу материалдары;

21) алынып тасталды;

21-1) **әдістемелік-жүйелік кешен** – ДББҰ тәжірибесін Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына тарату үшін әдістемелік ресурстар мен өзге де материалдарды қамтитын және орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде пайдаланушыларға көмек көрсету үшін электрондық алаң ретінде қызмет ететін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ұйымдастырушылық реттелген жиынтығы.

2. БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5. Оқыту орталығы:

1) Курстар басталғанға дейін бес күн ішінде ПӨО-н төмендегілермен қамтамасыз етеді:

- оқу-әдістемелік кешен;

- оқыту орындары, оқу тілі және тыңдаушылар саны көрсетілген курстарды өткізу кестесі;

2) Курстың бірінші аптасының үшінші күні ЖСН, оқыту орындары, бағдарламасы, оқу тілі көрсетілген тыңдаушылар тізімдерін ПӨО-на жібереді;

3) тыңдаушылардың әр түрлі себептерге байланысты Курстардан шыққандығы туралы олардың шыққан күні ПӨО-ға хат жіберу арқылы хабарлайды.

6. ПӨО:

1) тыңдаушылардың портфолиосын бағалау проформаларын жасайды;

2) Бағалау рәсімдерін ұйымдастырады және өткізеді;

3) тыңдаушыларды бағалау тізімдемесін тіркейді;

4) ПӨО директорының немесе оның міндетін атқарушының бұйрығымен ПӨО-ның қызметкерлері арасынан эксперттерді және жауапты менеджерді тағайындайды.

7. Тыңдаушылар Курстардағы оқудың қорытындысы бойынша Бағалауға екі бөлімнен тұратын портфолионы жинақтайды:

1) «А» бөлімі - бөлім/аралық тақырып бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары;

2) «В» бөлімі - тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары.

8. Оқудың соңғы күні сағат 18:00-ге дейін (Астана қ. уақыты бойынша) тыңдаушылар портфолиоларының электронды нұсқасын ПӨО порталына жүктейді: spi.nis.edu.kz.

9. Бағалау Курстар аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде ПӨО эксперттері арқылы қашықтықтан жүргізіледі.

10. Осы Ережелердің 1 Қосымшасында көрсетілген бағалаудың 18 компоненті бойынша тыңдаушылар портфолиосының бөлімдеріндегі тапсырмалардың бағалауы келесі бағалау шәкілі бойынша іске асырылады:

1) тапсырмалары бағалау компонентіне сәйкес келеді – 2 балл;

2) бір/екі тапсырмасы бағалау компонентіне сәйкес келмейді – 1 балл;

3) тапсырмалары ұсынылмаған/тапсырмалары бағалау компонентіне сәйкес келмейді – 0 балл;

4) А бөлімінің және/немесе В бөлімінің тапсырмаларында плагиат анықталды – 0 балл.

Эксперттердің тыңдаушылар портфолиосын бағалауы кезінде:

1) «есептелді» деген шешімі бағалаудың әр компоненттері бойынша баллдарды қойғанда және портфолионың бөлімдері бойынша максималды 36 баллдың 20-дан төмен емес баллын жинаған жағдайда қабылданады;

2) «есептелмеді» деген шешімі бағалаудың компоненттері бойынша 20-дан төмен балл жинағанда немесе бағалаудың бір компоненті бойынша 0 балл қойғанда қабылданады;

3) «есептелмеді» деген шешімі плагиат анықталып, 0 балл қойғанда қабылданады.

11. Плагиат фактілері бойынша тыңдаушының портфолиосын тексеру келесі реттілікпен жүргізіледі:

1 кезең - эксперт тыңдаушының портфолиосын плагиатқа онлайн сервистерді пайдалана отырып тексереді. Тыңдаушы портфолиосының мәтіні бірегейлікке және көшірме мәтін қолданысына тексеріледі. Интернетте портфолио мәтініне ұқсас немесе бірдей фрагменттерді тапқан кезде антиплагиат бағдарламасы осы үзінділерді сары түспен белгілейді және жалпы тексерісті аяқтағаннан кейін плагиат көздеріне сілтеме көрсетеді.

2 кезең - антиплагиат бағдарламасымен тексергеннен кейін, эксперт портфолио мәтінін бірегейлікке тексерудің салыстырмалы талдауын өзі жасайды.

Қандай да бір дереккөзден алынған, бірақ сілтемелермен дұрыс рәсімделген ақпарат плагиат ретінде қабылданбайды.

Эксперт бағалаудың критерийлері мен компоненттері бойынша плагиат анықталған жағдайда, плагиат анықталуының дәлелдері көрсетілген салыстырмалы кестесі бар негіздемені рәсімдейді.

12. Тренерлер:

1) Курстардың екінші аптасының бірінші күні бекітілген топқа

портфолионы бағалау бойынша тыңдаушыларға нұсқаулық жүргізу уақытын эксперттермен келіседі;

2) эксперттерден корпоративті электронды поштасы арқылы тыңдаушылардың ПӨО порталында жеке кабинетке кіруі үшін логин және паролі бар тізімді алады;

3) тыңдаушыларға логиндері мен паролдерін береді;

4) Курстардың екінші аптасының төртінші және бесінші күндері осы Ережелердің 1 Қосымшасына сәйкес форма бойынша портфолионы бағалау проформасын қолдана отырып, бекітілген топтың тыңдаушыларымен бірге тыңдаушылар портфолиосының бағалауын ұйымдастырады және жүргізеді;

5) ПӨО порталына бекітілген топ тыңдаушылары портфолиосының жүктелуін тексереді және қадағалайды, ПӨО порталына тыңдаушылар портфолиосын жүктеген кезде техникалық ақаулар орын алған жағдайда, экспертке хабарлайды.

13. ПӨО жауапты менеджері:

1) Оқыту орталығынан осы Ережелердің 5 тармағының 2) тармақшасында белгіленген мерзім бойынша ЖСН, оқыту орындары, бағдарламасы, оқу тілі көрсетілген тыңдаушылар тізімдерін талап етеді;

2) Оқыту орталығы берген тыңдаушылардың тізіміне сәйкес ПӨО порталында тренерлерге топ тыңдаушыларын бекітеді;

3) Курстардағы оқыту бағдарламасына сәйкес ПӨО порталында эксперттерге тренерлерді бекітеді;

4) әр тыңдаушының ПӨО порталына портфолиосын жүктеуі үшін логиндермен қамтамасыз етеді;

5) Курстардың екінші аптасының бірінші күні әр эксперттің жеке корпоративті электронды поштасына тыңдаушылардың ПӨО порталына кіруі үшін паролдерін және логиндері көрсетілген тыңдаушылар тізімдерін жібереді;

6) Осы Ережелердің 2 Қосымшасына сәйкес форма бойынша ПӨО порталына жүктелген портфолиолар негізінде тыңдаушыларды тіркейді;

7) эксперттерден `sba_course@cri.nis.edu.kz` электронды поштасына doc және PDF форматында портфолионы бағалау проформасын, doc және PDF форматында портфолионы бағалау парағын қабылдайды;

8) эксперттерден бағалау нәтижелерін қабылдайды, Курстар легі бойынша бағалау базасына эксперттердің қойған баллдары мен шығарған шешімдерін енгізеді;

9) тыңдаушылардың портфолиосын бағалау бойынша деректер базасын жүргізеді;

10) «есептелмеді» деп бағаланған тыңдаушылар портфолиосын бағалау нәтижелері модерациясының рәсімі бойынша жұмысты ұйымдастырады;

11) осы Ережелердің 3 Қосымшасына сәйкес форма бойынша бағалау тізімдемесіне модерацияны ескере отырып, бағалау нәтижелерін енгізеді;

12) сертификаттауға ұсынылған/ұсынылмаған тыңдаушылар тізімін

дайындайды;

13) Оқыту орталығына сертификаттауға ұсынылған/ұсынылмаған тыңдаушылардың тізімін және «есептелмеді» шешімі бойынша негіздемелерді ресми хат арқылы жолдайды;

14) ПӨО порталында сертификаттауға ұсынылған тыңдаушылардың тізімін жариялайды;

15) алынып тасталды.

14. Эксперттер:

1) Курстардың екінші аптасының бірінші күні тыңдаушыларға нұсқаулық жүргізеді:

- портфолионы бағалау проформасы бойынша бағалау критерийлері мен компоненттерін түсіндіреді;

- ПӨО-ның порталымен және осы Ережелердің 4 Қосымшасына сәйкес форма бойынша тыңдаушы портфолиосын рәсімдеу мен ПӨО порталына жүктеу талаптарымен таныстырады;

- тренерлердің электронды пошталарына тыңдаушылардың ПӨО порталындағы жеке кабинеттеріне кіруі үшін логин және бірыңғай паролі бар тыңдаушылар тізімін жібереді. Паролді кейін әрбір тыңдаушы өзі өзгерте алады.

2) бағалаудың бірінші аптасында:

- портфолионы Осы Ережелердің 10 тармағында көрсетілген критерийлерге, компоненттерге және бағалау шәкіліне сәйкес бағалайды;

- тыңдаушылар портфолиосын плагиатқа осы Ережелердің 11 тармағында көрсетілген тәртіп бойынша тексереді. Плагиат анықталған жағдайда, «есептелмеді» шешімін қабылдайды және осы Ережелердің 5 Қосымшасына сәйкес форма бойынша тыңдаушылар портфолиосында плагиаттың анықталғандығының негіздемесін плагиат бойынша дәлелдемелері келтірілген салыстырмалы кестесімен рәсімдейді;

- бекітілген топтардың тыңдаушылары портфолиосын бағалау бойынша «есептелді»/«есептелмеді» шешімін қабылдайды, 20-дан төмен балл жинағанда немесе бағалаудың бір компоненті бойынша 0 балл қойғанда, осы Ереженің 5-1 Қосымшасына сәйкес форма бойынша негіздемені толтырады;

- портфолионы бағалау проформасына баллдарды қояды;

- осы Ережелердің 6 Қосымшасына сәйкес форма бойынша портфолионы бағалау парағын толтырады;

3) бағалаудың бірінші аптасының бесінші күні сағат 18.00-де дейін эксперттер корпоративті электронды пошталарынан ПӨО-ның sba_course@cri.nis.edu.kz мекен-жайы бойынша электронды поштасына doc және PDF форматында портфолионы бағалау проформаларын, doc және PDF форматында портфолионы бағалау парағын жібереді;

4) бағалаудың екінші аптасының бесінші күні қағаз нұсқасында портфолионы бағалау проформаларының, тыңдаушылардың портфолиосын бағалау парағының, модерация есебімен портфолионы бағалау

проформаларының, плагиат бойынша негіздемелердің, (өтініш түскен жағдайда) қайта бағалауға жазған тыңдаушы өтінішінің түпнұсқасын ПӨО-ға пошта қызметі арқылы жібереді;

5) әр бір лектің бағалау нәтижелері бойынша, тыңдаушылардың жазбаша келісімімен портфолиоларын жүйелік-әдістемелік кешенде орналастыру үшін әр бір компоненті бойынша 2 балл алған тыңдаушылар портфолиосын іріктейді.

3. МОДЕРАЦИЯ

15. Тыңдаушылар портфолиосының модерациясы тексерілген портфолиолардың бағалауын жүргізбеген эксперттермен, құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен, жетекшілік етуші директор орынбасарымен келесі жағдайларда өткізіледі:

- 1) бағалау компоненттері бойынша 20 баллдан төмен бағаланса;
- 2) бағалау компоненттерінің біреуінен 0 балл алса;
- 3) плагиат анықталып, 0 балл алған жағдайда.

16. Модерация рәсімі бағалаудың екінші аптасында жүзеге асырылады және келесі тәртіпте өткізіледі:

- 1) жауапты менеджер:
 - модерацияға түскен тыңдаушылар портфолиясын жинақтайды;
 - «есептелмеді» шешімі қабылданған тыңдаушылар портфолиосын бағалау бойынша қорытынды балл картасын әзірлейді;
 - эксперттердің корпоративті электронды поштасына модерацияға түскен тыңдаушылар портфолиосын Курс бағдарламасына сәйкес үлестіріп жібереді;
 - эксперттерден PDF және қағаз форматында портфолионы бағалау проформаларын, «есептелмеді» шешімі бойынша негіздемелерді қабылдайды;
 - бағалау нәтижелері модерациясының рәсімі бойынша актіні әзірлейді;
 - осы Ережелердің 7 Қосымшасына сәйкес форма бойынша модерация рәсімінің актісіне ПӨО директоры орынбасары, ПӨО құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және эксперттерге қол қойғызады;
 - тыңдаушылар бағалауы нәтижелерін өңдейді, аналитикалық есепті Оқыту орталығына жіберу үшін әзірлейді;
 - жетекшілік ететін директордың орынбасары, құрылымдық бөлімшелердің жауапты басшылары бағалау нәтижелерін осы Ереженің 3-қосымшасындағы бағалау ведомосіне қол қою арқылы растайды.

2) эксперттер:

- модерацияға түскен тыңдаушылар портфолиосын корпоративті электронды пошта арқылы жауапты менеджерден қабылдайды;
- тыңдаушылар портфолиосының модерациясын жүргізеді,

«есептелді»/«есептелмеді» шешімін қабылдайды және модерация есебімен портфолионы бағалау проформаларын толтырады осы Ережелердің 7-1 Қосымшасына сәйкес;

- осы Ережелердің 8, 8-1 Қосымшасына сәйкес форма бойынша «есептелмеді» шешімінің негіздемесін рәсімдейді;

- осы Ережелердің 8-2 Қосымшасына сәйкес форма бойынша бағалау парағын толтырады;

- бағалаудың екінші аптасының жұма күні сағат 12.00-де дейін корпоративті электронды пошталарынан ПӨО-ның sba_course@cri.nis.edu.kz мекен-жайы бойынша электронды поштасына doc және PDF форматында портфолионы бағалау проформаларын және «есептелмеді» шешімі бойынша негіздемелерін жібереді;

- портфолионы бағалау проформаларының, плагиат бойынша негіздемелердің, бағалау парақтарының түпнұсқасын ПӨО-ға пошта қызметі арқылы жібереді.

4. БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ПОРТФОЛИОНЫҢ ҚАЙТА БАҒАЛАУЫН ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

17. Бағалаудың екі аптасы өткеннен кейін дүйсенбі күні жауапты менеджер:

1) бағалау тізімдемесіне «есептелді»/«есептелмеді» деген қорытынды бағаларын енгізеді;

2) Оқыту орталығына сертификаттауға ұсынылған/ұсынылмаған тыңдаушылардың тізімін және «есептелмеді» шешімі бойынша негіздемелерді ресми хат арқылы жолдайды;

3) сертификаттауға ұсынылған тыңдаушылар тізімін ПӨО порталында жариялайды.

18. Тыңдаушылар:

- бағалау нәтижелері бойынша «есептелмеді» шешімі қабылданған тыңдаушыларға жылына бір рет өз қаражаты есебінен бағалаудан қайта өту мүмкіндігі бар;

- Курсты аяқтаған, бірақ бағалауға растайтын құжаты бар дәлелді себептерге байланысты портфолионы ұсынбаған тыңдаушылар бағалауды Курстардың басқа легімен өтуге құқылы.

19. Дәлелді себептерге байланысты портфолионы ұсынбаған тыңдаушылар және «есептелмеді» шешімі бойынша өтпеген тыңдаушылар Осы Ережелердің 9 Қосымшасына сәйкес форма бойынша Курстың бірінші аптасында ПӨО-ға өтінішін жібереді, өтініштің PDF форматын ПӨО-ның peresdacha@cri.nis.edu.kz мекен-жайы бойынша электронды поштасына жібереді. Өтініштің түпнұсқасы Курстың екінші аптасының бірінші күні экспертке тапсырылады. Эксперт өтініштің түпнұсқасын ПӨО-ға Курстардың легі бойынша бағалау материалдарымен пошта қызметі арқылы жібереді.

20. Дәлелді себептерге байланысты портфолионы ұсынбаған және «есептелмеді» шешімі бойынша өтпеген тыңдаушылар бағалауын өткізу үшін жауапты менеджер:

1) Курстардың бірінші аптасының бесінші күні peresdacha@cri.nis.edu.kz электронды поштасынан бағалауға жіберілген тыңдаушылар өтініштерінің PDF форматын жүктеп алады, тыңдаушыларға ПӨО порталына портфолионы жүктеу үшін логин береді;

2) Курстардың екінші аптасының бірінші күні эксперттің корпоративті электронды поштасына бағалауға портфолионы жүктеуі үшін тыңдаушылардың ПӨО порталына кіру логиндері мен паролдерін жібереді.

21. Қайта бағалауға тіркелген тыңдаушылар дәлелді себептерге байланысты портфолионы ұсынбаған және «есептелмеді» шешімі бойынша өтпеген тыңдаушылар осы Ережеде белгіленген тәртіппен басқа лекпен бірге бағаланады.

5. АПЕЛЛЯЦИЯ

21. Апелляция тек Бағалау рәсімдері бұзылған жағдайда ғана мүмкін болады:

1) техникалық ақаулықтар бойынша:

- ПӨО порталына портфолионың электронды нұсқасын жүктеу кезінде интернет желісінің болмауы;

- зақымдалған файлдың жүктелуі;

2) ПӨО-ның бағалауды өткізу мерзімдерін сақтамауы.

23. Сертификаттауға ұсынылған тыңдаушылар тізімі ПӨО порталында жарияланғаннан кейін, 5 жұмыс күні ішінде тыңдаушы осы Ережелердің 10 Қосымшасына сәйкес форма бойынша ПӨО-ға жазбаша өтініш бере алады, өтініштің PDF форматын ПӨО-ның peresdacha@cri.nis.edu.kz мекен-жайы бойынша электронды поштасына жібереді. Белгіленген мерзімнен кешігіп түскен апелляция өтініштері қарастырылмайды.

24. Тыңдаушылар апелляциясын қарастыру үшін ПӨО директорының немесе оның міндетін атқарушының бұйрығымен осы Ережелердің 23 тармағында белгіленген мерзімде апелляцияға түскен соңғы өтінішті алғаннан кейін, 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің саны кем дегенде 5 адамнан тұрады. Апелляциялық комиссияның төрағасы ПӨО директоры болып табылады.

25. Апелляциялық комиссияның құрамына ПӨО директорының орынбасарлары, ПӨО-ның құрылымдық бөлімшелерінің бөлімдері басшылары және юрист кіреді. Апелляциялық комиссияның хатшысы – ПӨО құрылымдық бөлімшесінің қызметкері.

26. Тыңдаушының апелляцияға берген өтінішінде осы Ережелердің 22 тармағында бағалау рәсімдерінің бұзылуы бойынша көрсетілген фактілері

қарастырылады.

27. Апелляциялық комиссия тыңдаушының өтінішінде көрсетілген фактілерді қарастырады және қорытынды шешім қабылдайды.

28. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Егер дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның шешімі осы Ережелердің 11 Қосымшасына сәйкес форма бойынша апелляциялық комиссия төрағасы және барлық мүшелері қол қояған хаттамасы арқылы рәсімделеді.

29. Апелляциялық комиссия 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей апелляциялық комиссия отырысы өткізілгеннен кейін, тыңдаушыға жазбаша түрде жауап береді және жауапты тыңдаушының өтінішінде көрсетілген электронды поштасына жібереді.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

30. Оқыту орталығы жауапты болады:

1) ПӨО-ға оқу-әдістемелік кешенді, Курстарды өткізу кестелерін, тыңдаушылар тізімін уақытылы жіберуге;

2) тыңдаушылар тізіміндегі жеке деректердің анықтығына және дұрыстығына;

3) тыңдаушылардың курстан шығуы туралы хабарлауға;

4) тыңдаушылардың рәсімдеу мен жүктеуге қойылатын талаптарға сәйкес портфолионы ПӨО порталына электронды нұсқада уақытылы жүктеуіне.

31. ПӨО-ғы сапасына, объективтілігіне және уақытылы орындалуына жауап береді:

1) Курстардың бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және жүргізу;

2) тыңдаушылар портфолиосының модерациясы рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу;

3) бағалау нәтижелері туралы Оқыту орталығын мәлімдеу және ПӨО порталында сертификаттауға ұсынылған тыңдаушылар тізімін жариялау;

4) апелляцияны ұйымдастыру және жүргізу;

5) әр бір лектің бағалау нәтижелері бойынша тыңдаушылар портфолиосын іріктеу және тыңдаушылардың іріктелген портфолиосын жүйелік-әдістемелік кешен ақпараттық жүйесінде орналастыру;

6) тыңдаушылар портфолиосын бағалау бойынша дерек базасын жүргізу және ПӨО порталында электронды нұсқада бағалау материалдарын енгізу.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

32. Тыңдаушылар портфолиосын бағалау парағы, сонымен қатар модерция бойынша, тыңдаушылардың тіркеу парақтары, тыңдаушылар

портфолиосын бағалау нәтижелерінің модерациясы бойынша Актісі, тыңдаушылардың өтініші портфолионы қайта қорғау/ портфолионы ұсынбау, және «есептелмеді» шешімі бойынша негіздемелер, бағалау тізімдемесі қағаз нұсқасында бағалау тізімдемесінің тіркелген күнінен бастап 1 жыл ішінде ПӨО ведомстволық мұрағатына сақтауға тапсырылады.

33. Тыңдаушылар портфолиосы электронды нұсқада ПӨО порталында 1 жыл бойы сақталады.

34. Бағалау нәтижелері бойынша «есептелмеді» шешімін алған тыңдаушылардың портфолиосын бағалау проформаларынан басқа тыңдаушылар портфолиосын бағалау проформалары бағалау тізімдемесі тіркелген күннен бастап 1 жыл ішінде Акт арқылы осы Ережелердің 12 Қосымшасына сәйкес форма бойынша жойылады. «Есептелмеді» шешімін алған тыңдаушылардың портфолиосын бағалау проформалары қайта бағалауға дейін сақталады. Бағалау нәтижелері бойынша «есептелді» шешімін алған тыңдаушылардың портфолиосын бағалау проформалары қайта бағалау өткізілгеннен кейін, бағалау тізімдемесі тіркелген күннен бастап 1 жыл ішінде Акт арқылы жойылады. Бағалау материалдарын жою үшін уәкілетті тұлғаның бұйрығымен құрамы 3 ПӨО қызметкерінен тұратын комиссия құрылады.

« _____ » пәні бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушысының портфолиосын жиынтық бағалау проформасы

_____ к. «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ / «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ филиалы		Тренердің аты-жөні		Эксперттің аты-жөні															
		А бөлімі						В бөлімі											
№	Тыңдаушылардың аты-жөні	Мақсаттар	Бағалау критерийлері	Тапсырмалар			Дескрипторлар		Тапсырмалар			Балл қою схемасы			Барлығы	Шешім			
		Мақсаттар оқу бағдарламасының бөлімдерімен сәйкес	Бағалау критерийлері оқу мақсаттарына сәйкес	Бағалау критерийлері ойлау дағдылары деңгейіне сәйкес	Тапсырмалар бағалау критерийлеріне сәйкес	Тапсырмалар ойлау дағдылары деңгейіне сәйкес	Тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес	Тапсырмалар анық және түсінікті құрастырылған	Жауапты айқындайтын белгілерсіз құрылған	Жұмысты орындау уақыты рационалды белгіленген	Тапсырмаларды орындау жолдарының бақылауға және өлшеуге болатын кезеңдері/қадамдары сипатталған	Тапсырманың күрделілік деңгейіне балл саны сәйкес келеді	Тапсырмалар спецификациямен сәйкес	Тапсырмалар мазмұны оқу мақсаттарына сәйкес			Тапсырмалар мазмұны ойлау дағдылары деңгейіне сәйкес	Тапсырмаларды орындау уақыты рационалды түрде белгіленген	Жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы ұсынылған
1																			
2																			
3																			
4																			
5																			
6																			
7																			
8																			
9																			

Эксперттің қолы _____

Күні _____

«_____» пәні бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушыларын тіркеу парағы

топ № _____ /қайта бағалау

Оқыту орталығы _____

Бағалауды өткізу күні _____

Тренердің аты-жөні _____

№	Тыңдаушының аты-жөні	ЖСН	Бағдарлама	Оқу тілі	Портфолионы жүктеу күні	Ескерту

Қолы

ПӨО жауапты менеджерінің аты-жөні (толық)

201__ ж. «__» _____
«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ филиалдары базасында
«_____» білім беру бағдарламалары бойынша оқыған тыңдаушыларды бағалаудың
№ _____ тізімдемесі

Нұр-Сұлтан қ.

«__» _____ 201__ ж.

№	Тыңдаушының жеке куәлігі бойынша аты-жөні	ЖСН	Бағдарлама	Топ №	Оқу мерзімі	Портфолионы ұсыну тілі	Қорытынды баға	Нәтижесі Есептелді/Есептелмеді/Қатыспады

ПӨО директорының орынбасарының аты-жөні (толық)

Қолы

ПӨО бөлімінің басшысының аты-жөні (толық)

Қолы

ПӨО жауапты менеджерінің аты-жөні (толық)

Қолы

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелерінің 4 Қосымшасы

Пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушысының портфолионы рәсімдеуі және ПӨО порталына жүктеуі бойынша талаптар


I. Портфолио дәлелдемелеріне қойылатын талаптар

1. Портфолио бөлім/аралық тақырып бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары (А бөлімі) мен тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларынан (В бөлімі) тұрады.
2. Барлық тапсырмалар өздігінен жасалған.
3. Портфолионың әр бөлімі бір файлмен рәсімделеді.
4. Тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне (мәлімделген сынып), оқу бағдарламасына, оқу мақсаттарына сәйкес келеді.
5. Тапсырмалар қол жетімді түрде жасалған, орфография, синтаксис және оқу тілі стилистикасы бойынша талаптары сақталған.
6. Тиісті көлемдегі ғылыми терминдер пәнге сәйкес дұрыс қолданылған.
7. Тапсырманы орындауға қажетті графикалық материалдар (суреттер, сызбанұсқалар, графиктер және т.б.) жоғары сапада сканерленген (оқылатын мәтін, нақты бейне) және қабылдауға ыңғайлы. Сканерленетін материалдардың максималды көлемі 400-500КБ.
8. В бөлімінде тапсырмалардың болжалды жауаптары бар. Тапсырмаларды бағалаудың схемасы мен олардың негіздемелері бар.
9. Әр тапсырманың мазмұны оны орындау уақытымен сәйкес келеді.
10. Қабылдауға келмейтін немесе лайықсыз дәлелдемелер бағалау бойынша шешімге елеулі әсерін тигізеді.

II. Порфолионы рәсімдеу

Бөлімдердің талаптарға сәйкес рәсімделуіне **портфолио авторы** жауап береді. Портфолионы жіберер кезде, оның әрбір бөлім ішінде дәлелдемелері келтірілген және екі бөлімдерін де қамтитын соңғы нұсқа екеніне көз жеткізіңіз. Суреттерді, кестелерді, қосымшаларды басқа файлдармен жіберуге болмайды. Файлдар саны портфолио талаптарына сәйкес болуы керек екендігін есте сақтау қажет. Файлдар мазмұнына сәйкес аталуы тиіс (А бөлімі, Б бөлімі).

1) Суретте көрсетілгендей (оқу тіліне байланысты қазақ немесе орыс тілдерінде) бөлімдердің колонтитулдары мен тақырыбын рәсімдеу:



1 сурет. Портфолио бөлімдерінің колонтитулдары мен тақырыбын рәсімдеу

2) Колонтитулдарды рәсімдеуге қойылатын техникалық талаптар:

- шрифт өлшемі – 12;
- шрифт – Times New Roman;

3) Бөлімдер мәтініне қойылатын талаптар:

- шрифт өлшемі – 14;
- шрифт – Times New Roman;
- жоларалық интервал – бір жол;
- ені бойынша түзету;
- жолдар/шегі – жоғарғы 2см; төменгі 2см; сол 2см; оң 2см;
- кестедегі шрифт өлшемі – 12;

III. Портфолионы ПӨО порталына жүктеу бойынша нұсқау

1. Портфолио бөлімдерін жүктемес бұрын бөлімдердің дұрыс рәсімделуін тексеріңіз.
2. Гугл Хром (Google Chrome) браузерін қолданыңыз.
3. **срi.nis.edu.kz**. порталына кіріңіз.
4. Бос орын қалдырмай логинді латынша (Мысалы: FАMІLІYА_ІMУА) және паролді енгізіңіз.

Назар аударыңыз! Бірінші кезде пароль мен логинді жауапты менеджер береді.

5. Бастапқы беттің панелдегі менюде «Кіру» -ді басыңыз.

Жеке кабинетке кірген соң, паролді өзгертуге мүмкіндік беріледі. (Пароль латын символдарынан тұруы керек. Пароль ауыстыру үшін оң жақтағы инструменттердің жоғарғы панеліндегі логинді басыңыз, латынша паролді жазыңыз, «Мәліметтерді жаңарту» -ды басыңыз).

ЖАҢА ПАРОЛДІ ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!!!

6. Жүктелетін бір файлдың көлемі 10 Мб-тан (мегабайт) аспауы керек (әдетте фотосуреттер, суреттер және есептердегі сканкөшірмелер көбірек жадыны қажет етеді, қажетсіздерді азайту немесе алып тастау қажет).


7. «Жұмыс папкалары» папкасына А бөлімі және В бөлімі портфолио бөлімдерін жеке жүктеңіз. Жүктелгеннен кейін, егер бұл бөлімдер түпкілікті болса, «Портфолиоға қосу» батырмасын басыңыз.

8. Портфолиоға бөлімдерді енгізгеннен кейін, «Портфолио» папкасындағы жүктелген бөлімдерді көре аласыз.

9. Барлық қажетті файлдарды жүктегеннен кейін, «Шығу» батырмасын басыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Барлық жүктелген файлдарды бір сағат ішінде ғана жоюға болады. Уақыт өткеннен кейін жүктелген файлды жою мүмкін емес.

Портфолионы жүктеу реттілігінің иллюстрациясы



Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелерінің 5 Қосымшасы

«_____» пәні бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушысының портфолиосын бағалау бойынша негіздеме

Тыңдаушының аты-жөні		Топ тренерінің аты-жөні	
Оқыту орталығы	_____ қ. «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ / «Педагогикалық шеберлік орталығы»	Эксперттің аты-жөні	

Тапсырмалар	Бағалау критерийлері мен компоненттері бойынша негіздеме
Бөлім/аралық тақырып бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары	
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары	
Шешім	«Есептелмеді»

Эксперттің қолы _____

Күні _____

Плагиат анықталған жағдайда:

Тыңдаушы портфолиосын тексеру нәтижелерінің салыстырмалы талдауы	
Тыңдаушы портфолиосының мәтіні	Көшіріліп алынған мәтін

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелерінің 5-1 Қосымшасы

«_____» пәні бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушысының портфолиосын бағалау бойынша негіздеме

Тыңдаушының аты-жөні		Топ тренерінің аты-жөні	
Оқыту орталығы	қ. «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ / «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ филиалы	Эксперттің аты-жөні	

Тапсырмалар	Бағалау критерийлері мен компоненттері бойынша негіздеме
А бөлімі. Бөлім/аралық тақырып бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары	
В бөлімі. Тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары	
Шешім	«Есептелмеді»

Эксперттің қолы _____

Күні _____

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиолаарын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелерінің 6 Қосымшасы

« _____ » пәні бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиосын бағалау парағы

№	Тыңдаушының аты-жөні	А бөлімі	В бөлімі	Қорытынды балл

Эксперттің қолы _____

Күні _____

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелерінің 7 Қосымшасы

« _____ » пәндері бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын бағалау нәтижелерінің модерациясы рәсімі бойынша
АКТ

« ____ » _____ 20 ____ ж

Нұр-Сұлтан қ.

Негіздеме: Пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын бағалаудың нәтижелерін модерациядан өткізу және ұйымдастыру туралы» 20__ж. _____ № _____ ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» «Педагогикалық өлшеулер орталығы» (бұдан әрі – ПӨО) филиалы директорының бұйрығы

Біз, төменде қол қойғандар:

1. _____ - ПӨО директорының орынбасары;
2. _____ - бөлім басшысы;
3. _____ - аға менеджер (бағалаушы эксперт);
4. _____ - аға менеджер (бағалаушы эксперт);
5. _____ - аға менеджер (бағалаушы эксперт);
6. _____ - жауапты менеджер.

20__ жылдың ____ - ____ _____ аралығында пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстары бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын бағалаудың нәтижелерін модерациялау рәсімі кезінде келесі іс-шараларды жүзеге асырдық:

- 1) плагиат анықталған кезде, бағалау компоненттерінің біреуі бойынша 0 балл және бағалау компоненттері бойынша 20 баллдан кем алған тыңдаушылар портфолиоларын жиынтық бағалау бойынша қорытынды баллдар картасын қарау;
- 2) бағалау компоненттерінің біреуі бойынша 0 балл, бағалау компоненттері бойынша 20 баллдан кем алған тыңдаушылар портфолиоларын бағалаудың сараптамасы;
- 3) басқа тыңдаушылардың портфолиоларынан, интернет көздерінен плагиат фактілерімен табылған тыңдаушылар портфолиоларын бағалаудың сараптамасы;
- 4) модерация қорытындылары бойынша шешімдерге негіздемелерді қалыптастыру және шешім қабылдау;

1. Бағалау компоненттерінің біреуі бойынша 0 балл, бағалау компоненттері бойынша 20 баллдан кем алған тыңдаушылар портфолиоларының модерациясы бойынша шешімдерді негіздеу және бағалаудың сараптамасы.

2. Басқа тыңдаушылардың портфолиоларынан, интернет көздерінен плагиат фактілерімен табылған тыңдаушылар портфолиоларының модерациясы бойынша шешімдерді негіздеу және бағалаудың сараптамасы.

3. Тыңдаушылар портфолиоларының модерациясы нәтижелері бойынша қорытындылар.

Қолдары _____

« _____ » пәні бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушысының портфолиосын жиынтық бағалау формасы модерация қорытындысы бойынша

_____ к. «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ / «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ филиалы										Тренердің аты-жөні											
										Эксперттің аты-жөні											
А бөлімі										В бөлімі											
№	Тыңдаушылардың аты-жөні	Мақсаттар	Бағалау критерийлері		Тапсырмалар					Дескрипторлар	Тапсырмалар			Балл қою схемасы			Барлығы	Шешім			
		Мақсаттар оқу бағдарламасының бөлімдерімен сәйкес	Бағалау критерийлері оқу мақсаттарына сәйкес	Бағалау критерийлері ойлау дағдылары деңгейіне сәйкес	Тапсырмалар бағалау критерийлеріне сәйкес	Тапсырмалар ойлау дағдылары деңгейіне сәйкес	Тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес	Тапсырмалар анық және түсінікті құрастырылған	Жауапты айқындайтын белгілерсіз құрылған	Жұмысты орындау уақыты рационалды белгіленген	Тапсырмаларды орындау жолдарының бақылауға және өлшеуге болатын кезеңдері/қадамдары сипатталған	Тапсырманың күрделілік деңгейіне балл саны сәйкес келеді	Тапсырмалар спецификациямен сәйкес	Тапсырмалар мазмұны оқу мақсаттарына сәйкес	Тапсырмалар мазмұны ойлау дағдылары деңгейіне сәйкес	Тапсырмаларды орындау уақыты рационалды түрде белгіленген			Жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы ұсынылған	Балл қою схемасының құрылымында барлық маңызды компоненттер сақталған	Тапсырманың күрделілік деңгейіне балл саны сәйкес келеді
1																					
2																					
3																					
4																					
5																					
6																					
7																					
8																					
9																					

Эксперттің қолы _____

«_____» пәні бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушысының портфолиосын бағалау бойынша негіздеме модерация қорытындысы бойынша

Тыңдаушының аты-жөні	Эксперттің аты-жөні	Күні
Оқыту орталығы	қ. «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ / «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ	

Тапсырмалар	Бағалау критерийлері мен компоненттері бойынша негіздеме
Бөлім/аралық тақырып бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары	
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары	
Шешім	«Есептелмеді»

Эксперттің қолы _____

Плагиат анықталған жағдайда:

Тыңдаушы портфолиосын тексеру нәтижелерінің салыстырмалы талдауы	
Тыңдаушы портфолиосының мәтіні	Көшіріліп алынған мәтін



Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелерінің 8-1 Қосымшасы

«_____» пәні бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушысының портфолиосын бағалау бойынша негіздеме модерация қорытындысы бойынша

Тыңдаушының аты-жөні	Эксперттің аты-жөні	Күні
Оқыту орталығы	қ. «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ / «Педагогикалық шеберлік орталығы»	

Тапсырмалар	Бағалау критерийлері мен компоненттері бойынша негіздеме
А бөлімі. Бөлім/аралық тақырып бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары	
В бөлімі. Тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары	
Шешім	«Есептелмеді»

Эксперттің қолы _____

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелерінің 8-2 Қосымшасы

« _____ » пәні бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиосын бағалау парағы модерация қорытындысы бойынша

№	Тыңдаушының аты-жөні	А бөлімі	В бөлімі	Қорытынды балл

Эксперттің қолы _____

Күні _____

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиолаарын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелерінің 9 Қосымшасы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
«Педагогикалық өлшеулер орталығы»
филиалының директоры

«_____» пәні бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушысының портфолиосын қайта бағалауға/портфолиосын ұсынбауына байланысты бағалауға
ӨТІНІШ

ТАӘ (жеке куәлік бойынша толық)	
Оқу бағдарламасы	
Оқу мерзімі	
Оқыту орталығы (ПШО филиалы)	
Оқыту қаласы	
Электронды поштаның мекен-жайы (толық, мысалы: uchitel@mail.ru) Байланыс телефоны:	

(себебі, растайтын құжаттар)

_____ байланысты

портфолионы қайта бағалауға/ портфолионың ұсынылмауына байланысты бағалауға

мені _____ 20_____ жылы

(күні, айы)

_____ тілінде _____

(портфолионы ұсыну тілі)

тіркеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаны куәландыратын құжат көшірмесі тіркелген.

Күні _____

Қолы _____

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелерінің 10 Қосымшасы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
«Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы
апелляциялық комиссия төрағасы

« _____ » пәні бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушысының портфолиосын бағалау рәсімдері бойынша апелляцияға
ӨТІНІШ

ТАӘ (жеке куәлік бойынша толық)	
Оқу бағдарламасы	
Оқу мерзімі	
Оқыту орталығы (ПШО филиалы)	
Оқыту қаласы	
Электронды поштаның мекен-жайы (толық, мысалы: uchitel@mail.ru) Байланыс телефоны	

(бағалау рәсімдерінің бұзылуы бойынша фактілерді сипаттау)

бағалау рәсімдерінің бұзылуына байланысты портфолионы бағалау нәтижесін қайта қарастыруды сұраймын.

Күні _____

Қолы _____

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелерінің 11 Қосымшасы

« _____ » пәні бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тыңдаушысының портфолиосын бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы _____ апелляциялық комиссия отырысының хаттамасы

« ____ » _____ 20 ____ жыл

Апелляциялық комиссия төрағасы: _____

Апелляциялық комиссия мүшелері:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

Апелляциялық комиссия хатшысы: _____

Күн тәртібі:

1. Пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының тыңдаушысы _____ апелляциялық

(толық аты-жөні)

өтінішінде көрсетілген фактілерді қарау;

2. Тыңдаушы портфолиосының бағалау проформасын қарау;
3. Техникалық ақаулықтар бойынша бағалау рәсімдерінің бұзылу және ПӨО-ның бағалауды өткізу мерзімдерін сақтамауы бойынша фактілерді қарау *(ПӨО жауапты менеджерінің қатысуымен)*

Апелляциялық комиссия жұмысы кезінде келесі әрекеттер іске асырылды:

1. Әрекеттерді сипаттау
2. Әрекеттерді сипаттау
3. Әрекеттерді сипаттау

Шешім:

1. Бағалау рәсімдерінің бұзылуы бойынша фактілердің расталуына байланысты _____ мерзіміне дейін тыңдаушы

(толық аты-жөні)

портфолиосын бағалау нәтижелерін қайта қарау немесе

2. ПӨО-ғы тыңдаушы _____
(толық аты-жөні)

портфолиосын бағалау рәсімдерінің барлық мерзімдерін сақтады және техникалық ақаулықтар бойынша бағалау рәсімдерінің бұзылуы болмады.

Тыңдаушының портфолиосын бағалау нәтижесін қайта қарауға негіздеме жоқ.

Апелляциялық комиссия төрағасы: _____ (қолы)

Апелляциялық комиссия мүшелері:

1. _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)
2. _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)
3. _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)
4. _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)

Хатшы: _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелерінің 12 Қосымшасы

Бағалау материалдарын жою
АКТИ

Нұр-Сұлтан қаласы

_____ж.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» (бұдан әрі – ПӨО) филиалы директорының № _____ 20__ жылғы бұйрығына сәйкес комиссия келесі бағалау материалдарын

жоюды _____ арқылы жүзеге асырды:

БАРЛЫҒЫ _____ (жазбаша) дана жойылды.

БАРЛЫҒЫ _____ (жазбаша) дана жойылды.

БАРЛЫҒЫ _____ (жазбаша) дана жойылды.

Жою үдерісінің фото және видеожазбасы қоса тіркелген.

ПӨО қызметкері:

_____ *Т.А.Ә., қолы*

ПӨО қызметкері:

_____ *Т.А.Ә., қолы*

ПӨО қызметкері:

_____ *Т.А.Ә., қолы*



Утверждено решением Правления АОО
от 12.07.2018 года (протокол №41),
с внесенными изменениями и дополнениями
утвержденными решением Правления АОО
от 22.05.2019 года (протокол №18)

Правила
организации и проведения процедур суммативного оценивания
портфолио слушателей на курсах повышения квалификации педагогов
по образовательной программе «Разработка и экспертиза заданий для
оценивания» по предметам в рамках обновления содержания среднего
образования

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Правила организации и проведения процедур суммативного оценивания портфолио слушателей на курсах повышения квалификации педагогов по образовательной программе «Разработка и экспертиза заданий для оценивания» по предметам в рамках обновления содержания среднего образования (далее – Правила) разработаны в соответствии с Правилами организации и проведения курсов повышения квалификации педагогических кадров, утвержденными приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 28 января 2016 года № 95, приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 15 января 2016 года № 32 «Об утверждении образовательных программ курсов повышения квалификации педагогических кадров в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан». Настоящие Правила не распространяют свое действие на организацию и порядок проведения процедур суммативного оценивания по образовательным программам курсов повышения квалификации педагогических кадров в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан, утверждаемый решением Правления автономной организации образования «Назарбаев Интеллектуальные школы».

2. Правила определяют порядок организации и проведения процедур суммативного оценивания портфолио слушателей курсов повышения квалификации по образовательной программе «Разработка и экспертиза заданий для оценивания» по предметам «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика», «Казахский язык» и «Казахская литература», «Казахский язык и литература», «Русский язык» и «Русская литература», «Русский язык и литература», «Английский язык», «География», «История Казахстана» и «Всемирная история» (далее – Курсы) в рамках обновления содержания среднего образования.

3. Суммативное оценивание портфолио (далее – Оценивание) проводится в целях определения усвоения слушателями Курсов содержания

образовательных программ по предметам и предоставления рекомендации к сертификации по итогам суммативного оценивания портфолио слушателей.

4. В настоящих Правилах используются следующие основные понятия:

1) **ЦПИ** – филиал «Центр педагогических измерений» автономной организации образования, участвующий в процессе сертификации преподавательского состава, прошедшего соответствующие тренинги;

2) **Центр обучения** – частное учреждение «Центр педагогического мастерства» и его филиалы, осуществляющие обучение педагогов на Курсах;

